

*Қарасу негізгі мектебінің мектеп кітапханасындағы 2022-2023 оқу жылындағы Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша өткен шаралардың қорытындысы*

**Жобаның негізгі мақсаты:** Оқу мәртебесін, оқу белсенділігін, оқу сапасын, оқу деңгейін арттыру, оқушылардың интеллектуалды кітап оқу дәстүрін арттыру.

**Жобаның міндеттері:**

-Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін арттыру

-Мектеп оқушыларының қызығушылықтарын арттыра отырып, кітап оқуға бейімділіктерін арттыру

2022-2023 оқу жылының мектепішілік жоспар бойынша тақырыпқа сай шаралар өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары арасында Алаш зиялысы А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ұлтымыздың ұстазы-А.Байтұрсыновқа 150 жыл» атты танымдық сағат өткізілді. Өткізілген шараның негізгі мақсаты оқушылардың тарихи тұлғаның өмірбаянымен, еңбек жолымен таныстыру. Оқушыларға Алаш зиялысының тарихи танымымен таныстырылды.



16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Мұзда жанған алау» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты мектеп оқушыларының тәуелсіздіктің оңай келмегені туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, азаттықтың жолында құрбан болған батыр аға-апаларын дәріптеу, еске алу.



М.Мақатаевтың туған күніне орай 1-9 сынып оқушылары арасында «Есіңе мені алғайсың...» атты мәнерлеп өлең оқу байқауы өтті. Шара барысында ақиық ақын Мұқағалидің өлендері жырланды. Сайыстың мақсаты ақынның қазақ әдебиетіне қосқан орасан зор еңбегін оқушыларға түсіндіру, насихаттау. Кеш соңында оқушылар диплом, алғыс хаттармен марапатталды.



Мектепшілік «KIDS BOOK FEST» фестивалі аясында «Келіңіз кітап оқимыз» атты 2-3 сынып оқушылары арасында танымдық сағат өткізілді. Танымдық сағаттың негізгі мақсаты оқушылардың кітап оқуға баулу, кітап оқудың пайдалы жақтарын қызығушылықтар арқылы жеткізу. Кітап оқудың пайдалы

жақтарын түсіндіріп, ең құнды қасиеті екенін түсіндірді. Кітап кемелденуге көмектеседі, қаншама технология шықса да бұлардың бәрі кітапты алмастыра алмайтыны жайлы жеткізілді.



Қарасу негізгі мектебінде көктемгі демалысқа жоспарланған іс-шаралар жоспарына орай «ЫМЫРТТАҒЫ КІТАПХАНА» жұмысы өтті. Тахауи Ахтановтың 100 жылдығына арналған танымдық сабақ болды. Яғни танымдық сабақта тұлғаның өмір жолы, еңбек жолы, тарихи құндылықтары туралы баяндалды. Сабақта оқушылар өздерінің белсенділіктерін танытып мақтау қағаздарымен марапатталды.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында өткізілген барлық іс- шаралардың негізінде

\* мектеп оқушылары мен мектеп мұғалімдерін кітапқа деген қызығушылығын арттыру

\* мектеп оқушылары арасында кітап оқуды насихаттау

\* әдеби кітапты тұрақты оқуға шақыру

\* Отбасылық дәстүрді насихаттау негізінде, ата-аналар арасында кітап оқуды насихаттау

\* кітап оқуды қызықты әрі пайдалы іс-шара ретінде ұсыну

\* оқылған кітаптың мазмұнын талдап айтуға шақыру мақсаттары жүзеге асырылды.

Жыл бойы өткен іс-шаралар негізінде мектеп кітапханасындағы оқырман саны артып, мектеп оқушыларының кітапхана шарасына қатысу белсенділіктері артты.